




Іскерлік белсенділік индексі

2023 Шілде

Шілде айында іскерлік белсенділік біршама баяулады, бірақ көрсеткіш оң аймақта қалып, 50,7 құрады.

График 1. Іскерлік белсенділік индексінің (ІБИ) динамикасы*



* Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.


Іскерлік белсенділік индексі 2023 жылдың шілдесінде 50,7-ге дейін төмендеді.

Көрсеткіштің жақсаруы қызмет көрсету мен өндірісте орын алды, бұл секторларда индекстер өсу аймағында болып, сәйкесінше **51,5** және **50,1** құрады. Қызмет көрсету секторында жеткізу мерзімінен басқа барлық компоненттердің жақсарғаны, өндірісте жұмыспен қамту деңгейі мен жаңа тапсырыстар көлемінің жақсарғаны байқалды. Тау-кен өнеркәсібінде тауарлық-материалдық қорлар мен жаңа өнім көлемінің төмендеуіне байланысты индекс қайтадан теріс аймаққа өтті (**48,8**). Құрылыста бұл көрсеткіш **49,2**-ге дейін жақсарды (маусымдағы 47,8-ден), бірақ жеткізу уақыты мен жаңа тапсырыстардың көлемі құрылыс кәсіпорындарының белсенділігін тежеп отыр.

График 2. Шілде айындағы өңірлер бойынша ІБИ

8 өңірде іскерлік белсенділік жақсарды, 10 өңірде нашарлады.


Индекстің ең үлкен мәні Шығыс Қазақстан облысында (57,7), ең аз мәні Қостанай облысында (40,0) тіркелді.



Бизнес-ахуал индексі

Бизнес-ахуал индексі төмендеді, бірақ көрсеткіш оң болып қала береді. Кәсіпорындар ағымдағы бизнес жағдайларын да, болашақ бизнес жағдайларын да төменірек бағалады.

График 3. Бизнес-ахуал индексінің (БАИ) динамикасы*



* Ағымдағы және болашақ бизнес-ахуалды бағалау үшін жауаптар теңгерімі (ЖТ) қолданылады, ол бизнес-ахуалдың өзгерісі жайлы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Индекстің мәні 0 ден жоғары болса ахуалдың жақсарғанын, төмен болса нашарлағанын білдіреді.

Кәсіпорындардың дайын өніміне сұраныс айтарлықтай жоғарылады.

Коммуникациялардың қол жетімділігінің өзгерісі де азын-аулақ оң бағаланды, бизнес жағдайларының қалған факторлары (салық жүктемесі, қаржы/несиенің қол жетімділігі, бизнесті қорғау мәселелері) бойынша әлі де теріс бағалар басым.


График 4. Бизнес-цикл «сағаты»

2023 жылдың шілде айында бизнес-цикл «сағатының» индикаторы өсу аймағында қалды

Кәсіпорындардың ағымдағы бизнес жағдайларын бағалауы 3,2 құрады.

Алдағы 6 айдағы болашақ бизнес-ахуал бағасы 19,7-ге дейін төмендеді.

*Бизнес-цикл «сағаты» экономиканың берілген уақытта циклдың қай фазасында болғанын көрсетеді. Оны құру үшін ағымдағы ахуалды (X осі бойынша) және болашақ ахуалды (Y осі бойынша) бағалау бойынша деректер қолданылады.



ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕ

¹ Ақпарат нақты сектор мониторингіне қатысушы кәсіпорындардың арасында жүргізілген ай сайынғы сауалнамаларының нәтижелері бойынша дайындалды.

² Іскерлік белсенділік индексі жаңа тапсырыстар көлемі, жұмыспен қамту деңгейі, жаңа өнім көлемі, тауарлық-материалдық қорлардың көлемі, жеткізу мерзімдері сияқты кәсіпорындардың көрсеткіштерінің жиынтық өзгерісі ретінде есептеледі.

³ Іскерлік белсенділік индексін есептеу үшін диффузиялық индекс (ДИ) пайдаланылады, ол әрбір көрсеткіш бойынша оң жауап берген кәсіпорындар үлесінің және өзгеріссіз жауаптардың жартысының үлесінің қосындысы (үлестер салмақтанып есептеледі) ретінде есептеледі. Бұл индекс көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпыланған индикатор болып табылады.

⁴ Бизнес-ахуал индексін (БАИ) есептеуде Ifo неміс зерттеу институтының әдістемесіне сәйкес ағымдағы айдағы бизнес-жағдайлардың көрсеткіштері (АЖ) және болашақ 6 айдағы бизнес-жағдайлардың күтілетін өзгерістері (БЖ) бойынша жауаптар теңгерімі (ЖТ) пайдаланылады:

$$\text{БАИ}^* = \sqrt{(\text{ЖТ}(\text{АЖ}) + 200) * (\text{ЖТ}(\text{БЖ}) + 200)} - 200$$

мұндағы, ЖТ – жауаптар теңгерімі

АЖ – ағымдағы экономикалық жағдай

БЖ – болашақтағы экономикалық жағдай

⁵ ЖТ (жауаптар теңгерімі) бизнес-шарттардың өзгеруі туралы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптардың үлестері арасындағы айырма ретінде есептеледі. Кәсіпорындар ұсынылған үш жауаптың біреуін таңдайды: "жақсарды", "өзгерген жоқ" және "нашарлады". Жауаптардың үлестері салмақтана отырып есептеледі.

⁶ Ifo зерттеу институты жасаған бизнес-цикл "сағаты" - бұл екі нөлдік сызықтың қиылысуымен төрт квадрантқа бөлінген диаграмма (координаттар жүйесі), олар іскерлік жағдай тұрғысынан экономикалық циклдің төрт кезеңін білдіреді: көтерілу, өсу, төмендеу, құлдырау. Егер ағымдағы жағдайларды бағалау теріс болса, ал күтулер оң болса, экономикасы көтерілу фазасында, егер ағымдағы жағдайларды бағалау және күтулер оң болса, онда экономика өсу фазасында т. с. с.

⁷ Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордың әсерінен тазартылған (болашақ жағдайларды бағалау мен факторларды бағалаудан басқасы).

⁸ Алдыңғы айлардың динамикасында маусымдық тазалауға және ЖҚҚ нақтылауға байланысты өзгерістер болуы мүмкін.

⁹ Секторлар бойынша егжей-тегжейлі ақпарат (іріктеме туралы ақпарат, индикаторлар динамикасы, жауаптардың таралу нәтижелері) дашбордта берілген.

¹⁰ Секторлар бөлінісінде өңірлер бойынша іріктеменің репрезентативтілігіне қол жеткізуге қарай жаңа әкімшілік-аумақтық құрылымға сәйкес есептеу нәтижелері ұсынылатын болады.